Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
биология және биотехнология факультетінің докторанты
Алимова Софиахан Тілешқызына
шет елдік жетекшісінің
Пікірі

Докторантура барысындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін алу мақсатында қорғауға шығушы докторант Алимова С.Т. ғылыми тағлымдамасын Шинжяң медицина университеті, Шинжяң қазақ медицинасы зерттеу орталығында (Қытай) өтті. Ғылыми-зерттеу жұмысы Тянь-Шань таулы аймақтарындағы «Frangula alnus» өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін зерттеу диссертациялық тақырыбы бойынша докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Тағлымдамадан өту барысында Алимова С.Т. зертханада жасалған диссертациялық зерттеулердің әдістерін толық меңгерді. Әр зерттеуін аса ұқыптылықпен, жауапкершілікпен жүргізді. Зерттеу барысында өсімдіктердің морфологиялық, анатомиялық анықтауларын және талдамаларын өз бетінше жүргізе білді. Сонымен қатар докторанттың диссертациялық жұмысы дәрілік өсімдіктің емдік қасиетін анықтау және дәлелдеу болғандықтан жануарларға жүргізілген зерттеулерді, және зерттеу барысында қолданылған қанның биохимиялық, гематологиялық жалпы тіннің гистологиялық, гистопатологиялық, морфологиялық және физиологиялық әдістерін меңгеріп, өз зерттеулерінде қолдана білді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі өсімдік сығындысының оң әсерін көрсетіп, жақсы нәтижелер берді.

Жалпы алғанда PhD докторант Алимова С.Т. ғылыми тағлымдама кезінде өзін жауапкершілігі мол, өз бетінше жұмыс барысын дұрыс жоспарлай алатын, алынған нәтижелерге сараптама жүргізе алатын, жоғары деңгейде теориялық және практикалық тәжірибеге ие жауапты және білікті маман ретінде көрсете білді. Тағлымдама барысында қойылған барлық зерттеуге қатысты мақсаттар мен міндеттер толыққанды орындалды және жақсы нәтижелер алынды.

Докторанттың диссертациясын жазуды жоспарлау барысындағы жасалған ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми тұрғыдан қарағанда толық орындалды, нәтижелер статистикалық дәлелденді, алынған қорытындылар жоғары рейтингтік журналдарда, ғылыми конференция жинақтарында жарық көрді және диссертациялық жұмысы оқу жоспарына сәйкес толық жүргізіліп өз мәресіне жетті. Осы тұрғыда Алимова С.Т. 6D060700 – Биология мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алу үшін қорғауға шығуға дайын.

Алимова С.Т. Тянь-Шань таулы аймақтарындағы «Frangula alnus» өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін зерттеу тақырыбы аясындағы диссертациялық жұмысы 6D060700 – Биология мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алу мақсатында қорғауға ұсынуға лайықты деген пікір беремін.

Шет елдік ғылыми жетекшісі,
Шинжяң медицина университеті (Қытай)
Шинжяң қазақ медицинасы
зерттеу орталығының директоры,
PhD, профессор

Baishanbo Asiya

Бейсенбай Асия